

Дифференциация является залогом предоставления каждому ученику высокого шанса достичь высот знаний, залогом максимального развития детей с самыми разными способностями и интересами.

Список литературы

1. **Традиции и инновации в методике обучения иностранным языкам.** Под общей редакцией М. К. Колковой. – СПб.: КАРО, 2007. – 288 с.
2. **Блауберг, И. В. Становление и сущность системного подхода** / И. В. Блауберг, Э. Г. Юдин. – М.: Наука, 2003. – 270с.
3. **Петров, А. Основные концепты компетентностного подхода как методологической категории** / А. Петров // *AlmaMater*. – 2015. – №2. – С. 54-58.
4. **Российская педагогическая энциклопедия в двух томах: Том I** / Гл. ред. В. В. Давыдов. / Гл. ред. В.В. Давыдов. – М.: Научное издательство «Большая российская энциклопедия», 1999.
5. **Дифференциация обучения** / Педагогика: Большая современная энциклопедия / Сост. Е. С. Рапацевич. – Мн.: «Соврем. слово», 2015. – С. 144– 145.
6. **Дорофеев, Г. В. Дифференциация в обучении математики** / Г. В. Дорофеева, Л. В. Кузнецова // *Математика в школе*. – 1990. – № 4. – С. 25-28.
7. **Унт, И. Э. Индивидуализация и дифференциация обучения** / И. Э. Унт. – М.: Педагогика, 2010. – 192 с.
8. **Осмоловская, И. М. Дифференциация процесса обучения в современной школе** / И. М. Осмоловская. – М.: МПСИ; Воронеж: Модэк, 2004. – 176 с.
9. **Бондаревская, Е. В. Смыслы и стратегии личностно-ориентированного воспитания** / Е. В. Бондаревская // *Педагогика*. – 2011. – №1. – С. 17 - 24.
10. **Бутузов, И. Т. Дифференцированное обучение – важное дидактическое средство эффективного обучения школьников** / И. Т. Бутузов. – М., 2008. – 65 с.
11. **Рабунский, Е. С. Индивидуальный подход в процессе обучения школьников** / Е. С. Рабунский. – М.: Педагогика, 2005. – 140 с.
12. **Гвоздева, А. В. О взаимосвязи интеграции и дифференциации в обучении** / А. В. Гвоздева // *Педагогическое образование и наука*. 2007. – № 3. – С. 31-32.

УДК 37.013.46

ОҚУШЫЛАРДЫҢ БІЛІМ САПАСЫН АРТТЫРУДА ӨЗІНДІК ЖҰМЫСТАРДЫ ҰЙЫМДАСТЫРУ

Анасова А. Б. – тарих магистрі, Қазақстан тарихы кафедрасының аға оқытушысы, А. Байтұрсынов атындағы Қостанай өңірлік университеті.

Жусупова Д. Ж. – өнер кафедрасының аға оқытушысы, А. Байтұрсынов атындағы Қостанай өңірлік университеті.

Авторлар берілген мақалада жаңартылған оқу бағдарламасы аясында Қазақстан тарихын оқытуда оқушылардың өзіндік жұмыстарын ұйымдастырудың жолдары мен әдістерін көрсеткен.

Түйінді сөздер: Өзіндік оқу іс-әрекеті, оқытудың жаңартылған білім беру бағдарламасы, дидактикалық материалдар, педагогикалық үдеріс.

Қазіргі таңда мектеп бағдарламасы мен оқулықтарына, ғылым мен техниканың барлық жетістіктерін енгізу мүмкін емес. Сол себептен мектеп ертеңгі білімнің негізін қалап, оқушылардың өздігінен ізденіп, білім алуларына мүмкіндік жасауы тиіс. Қазіргі кезде Қазақстан мектептерінде педагогикалық үрдістің сапасын көтерудің бай тәжірибесі жинақталып келеді. Солардың бірі педагогикалық үрдісте оқушылардың логикалық ойлау қабілеттерін дамытуда өзіндік жұмыс түрлерін ұйымдастыру.

Өзіндік оқу іс-әрекеті дегеніміз – бұл дидактикалық ұғым, ғылыми практикалық міндеттерді өз бетімен қою, оның шешімін табудың өзіндік тәсілдерін болжау және анықтау, жеке тұлғаның өзін-өзі бақылауы, өзін-өзі бағалауы негізінде педагогикалық үдеріске қатынасушылардың өзара іс-әрекетінде қалыптасқан жеке тұлғаның кіріктірілген білімі.

Оқытудың жаңартылған білім беру бағдарламасы бойынша бала білімді тәжірибе арқылы өздігінен алуы қажет. Сондықтан оқушылардың өзіндік жұмысын ұйымдастырудың маңызы өте зор. Өйткені, сол арқылы оқушылардың іс-әрекетінің дербестігі артады. Жалпы мектеп оқушыларының өзіндік жұмысын ұйымдастырудың тиімді жолдарын іздестіру мәселесі қазіргі таңда білім беру жүйесінің барлық кезеңдерін қамтып отыр. Сондықтан, оқушының өзіндік жұмысын ұйымдастыруына жағдай жасау мектептің негізгі міндеттерінің бірі болып табылады. Олай дейтініміз, жаңартылған оқу бағдарламасы бойынша сабақ жоспарларында оқушылардың өзіндік тәжірибесін өзектілендіру кезеңі бар.

Жаңа заман жаңа адамын талап ететін болса, ол адамның өмір сүру тәсілі өзіндік іс-әрекетін ұйымдастыра білуінен бастау алады. Ол жас кезеңдеріне сәйкес өзгеріп, қалыптасып, жаңарып отырады. Сондықтан баланы өзіндік іс-әрекетін ұйымдастыра білуге баулу өз бетімен өмір сүруге даярлаудың алғышарты болып табылады.

Бүгінгі күні жалпы орта білім беретін мектеп тәжірибесіне ене бастаған зерттеушілік оқыту технологиясы оқушының өзіндік әрекетін ұйымдастыруына негіз болатын, өзіндік ізденіс қабілетін ашатын бірден-бір әдістемелік жол болып табылады. Оқушының танымдық қызғушылығын арттыра отырып, өзінің әрекетін жоспарлауға, нәтижесіне жету жолдарын бағдарлауға мүмкіндік туғыза отырып, жеке тұлғаның өзін-өзі дамытуына жағдай жасайды.

Оқушылардың өзіндік жұмысына мұғалімнің тапсырмасы бойынша, өздері жоспар жасап, істің тәсілін анықтап, оның нәтижесін бағалап орындайтын жұмыстары жатады. Сонымен қатар, оқушылардың өзіндік жұмысының жоғары түріне олардың өз еркімен жаңа амал-тәсілдер қолданып жасайтын шығармашылық жұмыстары жатады. Оқушылардың өздік жұмыстарын тиімді ұйымдастыру сабақ сапасының артуына септігін тигізеді. Өздік жұмыс кезінде оқушылар оқулықпен және дидактикалық материалдармен, түрлі анықтамалық кітаптармен, газет-журналдармен жұмыс істеуге үйрене бастайды. Өздігінен білім алуға талпынады. Жұмысы нәтижелі болса, оқушының пәнге деген қызығушылығы артады.

Өзіндік жұмыстар ұйымдастыруда мынадай талаптар орындалуы қажет:

1. Өзіндік жұмыстың мазмұны оқу бағдарламасына сәйкес келуі керек;
2. Оқушылардың ойлау қабілетін дамытуға тиісті;
3. Өзіндік жұмыстардың түрі және мазмұны жағынан әртүрлі болуы керек;
4. Әрбір өзіндік жұмыс тексеріледі және бағаланады;
5. Тапсырма әрбір оқушының білім деңгейіне байланысты таңдалуы керек.
6. Өздік жұмысты орындауға жеткілікті уақыт берілуі керек (8-15 мин. ұзақ болмайды).
7. Өзіндік жұмысты тек қайталау кезінде ғана жүргізбей, сабақтың барлық кезеңдерінде өткізу

қажет [1,29-30б].

Дидактикалық тұрғыдан дұрыс ұйымдастырылған жұмыс білімді тереңдетуге, толықтыруға, дағды мен іскерлікті қалыптастыруға, танымдық әрекетке қызығуды туғызуға, таным үрдісінің әдіс-тәсілдерін игеруге, танымдық қабілетінің дамуына, адамның дербес жұмыс істеу және ғылыми жұмыстармен айналысуға мүмкіндік жасайды. Сонымен қатар, өзіндік жұмыстың тәрбиелік жағы да басым. Ол адамның жеке басының қасиеттерінің (мақсат қоюшылық, ізденушілік, қызығу, т.б.) қалыптасуына әсер етеді.

Оқушылардың өзіндік жұмысын кешенді қарастырудың мақсаты оқу үрдісі әдістерінің, оқу, ғылыми және тәрбиелік жұмыстардың сапалы дамуын көздейді. Сонымен бірге, оқып, тыңдап, естігенді дербес және саналы түрде игеру білімді қалыптастырудағы негізгі шарт бола отырып, оқушының пәнге деген қызығушылығын, шығармашылық әдістермен меңгеруін қамтамасыз етеді. Бұл әдістемелік нұсқаулар күнделікті сабақ барысында тәжірибеден өткен және ол пән бойынша білім игеруді қамтамасыз етіп, мұғалім мен оқушының шығармашылықпен жұмыс жасауына мүмкіндік береді.

Оқушының өзіндік жұмысы (ОӨЖ) пәнді игерудегі кешенді жоспарлануының нәтижелілігі бірнеше шарттарға тәуелді, оның ішінде келесі мәселелері аса маңызды рол атқарады:

- бағдарлама бойынша әрбір тақырыптың маңызды сұрақтарын ескере отырып ОӨЖ -ның түрі мен нысанын анықтау;
- үйге берілген өзіндік жұмыс тапсырмасының сабақ тақырыптарымен байланыстылығын көрсету;
- мұғалімнің ОӨЖ – на бақылау және басшылық жасау үшін әртүрлі әдіс-тәсілдерді пайдалану. [2,14б].

Сонымен, оқушылардың өзіндік жұмысы – дамыта оқытудың құралдары мен нысандарының бірі. Педагогикалық әдебиетте оқушылардың өнімді шығармашылық қызметі жөнінде дербес жұмыстың түрлерін әрқалай жіктеу кездеседі.

Зерттеудің көрсетуінше, оқушылар бір кезде әлде – кімнің өткен заманы қазір келгенін қиындықпен мойындайды, сондықтан егер мұғалім сабақтың нақты мақсатын белгілесе, онда ол таңдаған жаттығулар интеграциялық сипат алуы тиіс (өңгіме құрастыру, эссе жазу). Оқушыны оқылатын кезеңнің куәгері, зерттеушісі, көз көргені позициясына қойып, мұғалім оқушылардың тапсырмаларды орындауын қадағалауы тиіс. Қиындық деңгейі оқушының білім деңгейіне сәйкес келуі және сондай-ақ олардың біліктілігін дамытуға жәрдемдесуі қажет. Мысалы, мұғалім тақырыпқа байланысты дискрипторлар беріп, «Ертедегі көшпелілер туралы тарихи жазбалар», «Дін қалай пайда болды», «Халықтардың жаппай көшуі», «Көшпелілердің өркениеті және олардың мәдениетке қосқан үлесі» деген шығармалар немесе эссе жаздыра алады.

Тапсырмаларды Қазақстан тарихы бойынша дәрістердің әр түрлі кезеңдері үшін қолданып, оларды ұжымдық әрі мынадай дербес жұмыстар үшін де пайдалануға болады:

- жаңа материалды оқыту барысында проблемалық жағдаяттар жасау және проблемаларды жолға қою құралы ретінде. Осы тұрғыда жауап беру үшін өткен сабақтарда игерілген фактілерді, ұғымдар мен заңдылықтарды білу қажеттігіне тапсырмалар ұсынылады;

- белгілі бір сабақта оқылған фактілерді, ұғымдарды, заңдылықтарды игеру сапасын бекіту мен бақылаудың тәсілі ретінде;

- келесі сабақтарда білімді тексеру құралы ретінде. Сұрақ барысында кейбір тапсырмалар барлық сыныпқа ұжымдасып жұмыс істеу үшін ұсынылса, басқа тапсырмалар ауызша жауап беруге шақырылған оқушыға сұрақтар ретінде қойылады, ал үшінші тапсырма жеке оқушыға немесе барлық сыныпқа жазбаша жауап беру үшін ұсынылады, ал төртінші тапсырма тақтаға жазылып (мысалы, кесте құрастыру), орындалған жұмысты түзету мен бағалауға сынып қатыстырылады;

- қайталау мен қорыту процесінде осы мақсат үшін арнайы бөлінген сабақтарда білімді қолдану құралы ретінде;

- кейбір тапсырмаларды факультативтік дәрістерде, сыныптан тыс (үйірме) жұмыста және тарихтан олимпиада өткізу үшін пайдалануға болады.

Тарихи материалды оқыған кезде алынған ақпарат пен іс-әрекет түрлері арасындағы тепе-теңдікті, оқушылардың дербес оқуының даму қабілетін сақтау педагогика ғылымындағы аса маңызды проблема [3,22б].

Тапсырмалар мен жаттығулар үлгі бойынша білімдерді жаңғыртушы ретінде, сондай-ақ күрделі ойлау операцияларын – талдауды, дәлелдеуді, өз қорытындыларын талап ететін шығармашылық сипат ретінде де ұсынылуы тиіс. Біз ұғымдармен, тарихи терминдермен байланысты бірнеше жұмыс нұсқауларын ұсынып отырмыз:

- мазмұны түсіндірілген терминдерді белгілеу;
- сөздері қалып қойған сөйлемдерді толықтыру;
- кестені толтыру;
- контурлы картамен жұмыс істеу;
- эссе немесе шығарма жазу;
- карта, кестелермен және иллюстрациялармен жұмыс істеу;
- хронологиялық тапсырмаларды шешу;
- сөйлеуді жетілдіру мен сын тұрғысынан ойлауға арналған тапсырмалар;
- пікірсайыс проблемаларымен, даулы мәселелермен, өз тұжырымдарымен, тарихи тұлғалардың рөлімен, қоғамда орын алған процестермен байланысты тапсырмалар;
- тест тапсырмалары;
- әлемдік мәдениет барлық халықтардың күш-жігерімен жасалғаны туралы қорытынды игеруге бағдарланған тапсырмалар. [4,12б].

Мұғалімнің жұмысы балалардың аналитикалық қабілеттерін дамытуға, дербес ойлай білуіне бағдарлануы тиіс.

Тапсырмаларды орындау білім беру міндеттерін шешуге жәрдемдесіп, әр түрлі көзқарасты ұғынуға, оларды құрметтеуге, басқаша көзқарасқа, пікірлердің, бағалар мен қорытындылардың әр түрлілігіне төзімділікпен қарауға үйретеді. Мұндай көзқарас оқуда позитивтік жағдай жасауға мүмкіндік беріп, өз беделін, өзіне сенімін сезінетін тұлғаны қалыптастыруға көмектеседі.

Сонымен, қорытындылай келе, қазіргі заманғы оқыту мұғалім оқушыны тарихи фактілерді оқып талдай білуге, өз бетімен қорытындысын жасай білуге үйретеді. Оқушылар мұғалім түсіндірген материалды әр түрлі өзіндік жұмыстарды орындағанда естерінде жақсы сақтай алатындығын тәжірибе көрсетіп отыр.

Шәкіртті өз бетімен оқуға, білім қазынасын дербес ізденуге дағдыландыру мұғалім үшін үлкен жетістік. Сапалы білім үшін күрес жүргізіп жатқан бүгінгі кезеңде оқу тәрбие саласындағы жұмыстың ең маңыздысы да осы деп қарауға тиіспіз.

Әдебиеттер тізімі

1. **О.Абдухитова.** «Оқушылардың өзіндік жұмыстарын ұйымдастыру». //Қазақстан мектебі. №11-12. 2018 ж. 29-30 бб.
2. **З.Бейсембаева.** «Өзіндік жұмыс-кәсіби біліктіліктің көзі». // Бастауыш мектеп, 2018, №5, 14 - 16 бб.
3. **Р.Есеева** «Өзіндік жұмыс түрлерінің оқушылардың ойлау қабілеттерін дамытудағы ролі». // Қазақстан мектебі., 2018, №5, 22-24 бб.
4. **Абдраманова Г. Б.,** Примбетова А. И. Оқушылардың өзіндік жұмысы оқыту формасының тиімді әдісі ретінде // Молодой ученый. – 2017. – № 8. – 12-13 бб.
5. **Асанов Н.** Өзіндік жұмыстардың ерекшеліктері. – Алматы: «Санат» 2013.
6. **Рысбаев Е, Ильясов С.** Танымдық белсенділікті дамыту – өзекті мәселе. // Қазақстан мектебі. № 2., 2016.